

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ**

ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



**«Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғау:
отандық және шетелдік тәжірибе»
тақырыбындағы**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ
ҰСЫНЫМДАРЫ**

**РЕКОМЕНДАЦИИ
МЕЖДУНАРОДНОГО КРУГЛОГО СТОЛА**

**на тему:
«Защита лиц, сообщающих о коррупции: отечественный и зарубежный
опыт»**

Қосшы, 2025

«Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған адамдарды қорғау: отандық және шетелдік тәжірибе» тақырыбындағы халықаралық дөңгелек үстел
(2025 жылғы 7 тамыз, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы)

ҰСЫНЫМДАРЫ

Дөңгелек үстел жұмысына халықаралық сарапшылар, ғалымдар, адвокаттар, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Ішкі істер министрлігінің, Қаржы мониторингі агенттігінің, Құқық қорғау органдары академиясының қызметкерлері қатысты.

Іс-шараға қатысушылар тәжірибе тұрғысынан да, теориялық аспектілерден де назар аударуды қажет ететін кейбір негізгі мәселелер туралы тәжірибелерімен және пікірлерімен бөлісті.

Баяндамалар мен оларды талқылау барысында қатысушылар сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған адамдарды қорғау институтын жетілдіруге бағытталған белгілі бір ұсыныстар мен ұсынымдар әзірледі. Халықаралық тәжірибені ұлттық заңнама мен тәжірибеге бейімдеу қажеттілігі атап өтілді.

Ұсынымдар келесі бағыттарға қатысты болды:

1. «Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған адамдарды қорғау туралы» жекелеген заң әзірлеу және қабылдау мәселелерін қарау. Онда қорғау кепілдіктері (құқықтық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік) бекітілетін, олардың деректерінің құпиялылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар белгіленетін, сондай-ақ мұндай адамдарды қудалау немесе кемсіту үшін жауаптылыққа тарту тетіктері көзделетін болады.

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауға жәрдемдесетін азаматтарды тиімді құқықтық қорғауға бағытталған ережелерді нақтылау және кеңейту мақсатында ҚПК-нің, Еңбек кодексінің және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның қолданыстағы нормаларына түзетулерді пысықтау.

3. Келесі ұғымдардың анықтамаларын бекіту арқылы ұлттық заңнамадағы терминологияларды жүйелеу:

- сыбайлас жемқорлық туралы хабарлайтын адамдар;
- құқық бұзушылық туралы хабарлайтын адамдар.

4. Сыбайлас жемқорлық қылмыс туралы хабарлаған адамның оны қудалау немесе лауазымды адамдар немесе ұйым тарапынан:

- лауазымын қалпына келтіруге;
- жалақысын өтеуге;
- жоғалған жеңілдіктері мен еңбек сіңірген жылдарын өтеуге;
- адвокаттың сот шығындары мен қызметтерін төлеуге;
- кінәлі адамдарды жауапқа тарту талаптарына және т.б. қысым көрсету

кезінде құқығын заңнамалық бекіту.

5. Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған адамдарды қорғаудың тиімділігін арттыру үшін, мемлекеттік қызметшілер мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлерін жыл сайын міндетті оқытуды енгізу ұсынылады.

Бағдарламалар бұзушылықтарды жасырудың теріс салдарын да, сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған адамдарды қорғаудың оң тәжірибесін де көрсететін сыбайлас жемқорлық істері мен сот практикасының нақты мысалдарын талдауға негізделуі тиіс. Курстың маңызды элементі нақты өтініш алгоритмі болуы керек – ішкі бөлімшелерден бастап сыртқы құзыретті органдарға дейін, қызметкерлердің қандай өтініш арналары оларды қорғауға кепілдік беретіні және қорқыту мен қысым қаупін болдырмайтыны анық болуы керек.

6. Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған адамдарды қорғауға арналған құқық қорғау органдарына жаңадан келіп түскен барлық қызметкерлерін тестілеу кезінде міндетті мәселелер тізбесіне жеке блокты енгізу.

Бұл жұмысқа қабылданғандардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды ғана емес, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған адамдарға деген көзқарасы үшін жеке жауапкершілік қағидатын дұрыс түсінуін басынан бастап қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жас қызметкерлер үшін бұл тәсіл кәсіби мәдениеттің негізіне айналады: олар сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған адамдарды қорғау формальдылық емес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың нақты құралы екенін және азаматтардың құқық қорғау жүйесіне деген сенімін сақтау олардың ұстанымына байланысты екенін түсінеді.

7. Көтермелеу шараларын әзірлеу кезінде сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған азаматтық тұлғалар үшін ғана емес, мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері үшін де материалдық сыйақы енгізу туралы мәселені қарастыру қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлауға шешім қабылдаған адамның іс-әрекетінің маңыздылығын көрсету үшін тек грамоталар мен алғыс хаттар жеткіліксіз. Осылайша, азаматтық тұлғаларға ғана емес, мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне де материалдық сыйақы беру мүмкіндігін қарастырған жөн. Мұндай тәсіл сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған барлық адамдардың мәртебесіне қарамастан, олардың еңбегін танудың тең жағдайларын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және мемлекет қарапайым азаматтар тарапынан да, мемлекеттік құрылымдар қызметкерлері тарапынан да қағидаттылық пен азаматтық ұстанымның көрінісін бірдей бағалайтынын атап көрсетеді.

8. Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлайтын адамдарды қорғаудың қосымша шарасы ретінде **Оңтүстік Кореяның тәжірибесін қарау орынды болып табылады.** Онда сыбайлас жемқорлық туралы хабарлайтын адамдар құпиялылықты сақтау үшін тікелей мемлекеттік органдарға емес, тәуелсіз адвокаттар (бұдан әрі – адвокат) арқылы жүгіне алады. Адвокаттар хабарламаны қабылдайды, оны уәкілетті органдарға өз атынан жібереді және қажет болған жағдайда сотта өтініш берушінің мүдделерін білдіреді. Мұндай тәжірибе білікті заң көмегін алудың конституциялық құқығына негізделген және біздің құқықтық жүйемізге толығымен сәйкес келеді.

Мұндай тегікті ұлттық заңнамаға енгізу сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған адамдарды қысымнан және жеке басын ашудан қорғауға кепілдік береді. Бұл ретте адвокаттың кәсіби қатысуы басынан бастап бүкіл процестің сапасы мен сенімділігін арттырады, дәлелдемелік базаны нығайтады және азаматтар мен мемлекеттік қызметшілерде олардың өтініші жеке қауіпсіздік пен мансап үшін тәуекелсіз қаралатынына сенімділікті қалыптастырады.

9. Шетелдік оң тәжірибе ретінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларды қабылдау және өңдеу үшін

қызметкерлердің жұмыс орындарына цифрлық платформалар енгізілген АҚШ тәжірибесін зерделеу ұсынылады. Бұл жүйелер персоналды басқарудың корпоративтік және мемлекеттік тетіктеріне біріктірілген. Бұл рәсімдердің ашықтығын, еңбек заңнамасының сақталуын бақылауды, кепілдендірілген анонимділікті және сыбайлас жемқорлық туралы хабарлауға шешім қабылдаған адамдарды қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл қауіп-қатер, қысым қауіпін едәуір азайтады және процесті қол жетімді және қауіпсіз етеді.

Мұндай платформалардың функционалы хабарламаларды анонимді түрде беру, өтінішті қарау мәртебесін қадағалау, ақпаратты құзыретті органдарға автоматты түрде бағыттау, сондай-ақ құпиялылық стандарттарын сақтай отырып деректерді сақтау мүмкіндігін қамтиды. Нәтижесінде ішкі бақылау жүйесін нығайтатын және азаматтар мен қызметкерлердің мемлекеттік институттарға деген сенім деңгейін арттыратын ыңғайлы және сенімді құрал жасалады.

Дөңгелек үстелге қатысушылар сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған адамдарды қорғаудың ұлттық жүйесін жетілдіру бойынша бірлескен жұмысты жалғастыруға және осы ұсынымдарды одан әрі пысықтау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынуға дайын екендіктерін білдірді.

**Ұсынымдарды
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясының авторлық
ұжымы әзірледі**

РЕКОМЕНДАЦИИ

международного круглого стола на тему «Защита лиц, сообщающих о коррупции: отечественный и зарубежный опыт» (7 августа 2025 года, Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан)

В работе круглого стола приняли участие международные эксперты, ученые, адвокаты, сотрудники Генеральной прокуратуры, Министерства внутренних дел, Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу, Академии правоохранительных органов.

Участники мероприятия поделились опытом и мнениями о некоторых ключевых вопросах, на которые необходимо акцентировать внимание как с точки практики и так и теоретических аспектов.

В ходе докладов и их обсуждений, участниками были выработаны определенные предложения и рекомендации, направленные на совершенствование института защиты лиц, сообщающих о коррупции. Отмечалась необходимость адаптации международного опыта к национальному законодательству и практикам.

Рекомендации касались следующих направлений:

1. Рассмотрение вопросов разработки и принятия отдельного Закона «О защите лиц, сообщающих о коррупции», в котором были бы закреплены гарантии защиты (правовой, организационной и социальной), установлены меры по обеспечению конфиденциальности их данных, а также предусмотрены механизмы привлечения к ответственности за преследование или дискриминацию таких лиц.

2. Проработка поправок в действующие нормы УПК, Трудового кодекса и Закона «О противодействии коррупции» с целью уточнения и расширения положений, направленных на эффективную правовую защищенность граждан, содействующих выявлению коррупционных правонарушений.

3. Систематизация терминологий в национальном законодательстве путем закрепления дефиниций следующих понятий:

- лица, сообщающие о коррупции;
- лица, сообщающие о правонарушениях.

4. Законодательное закрепление права лица, сообщившего о коррупционном преступлении, при его преследовании или оказании давления со стороны должностных лиц или организации на:

- восстановление в должности;
- компенсацию заработка;
- возмещение утраченных льгот и выслуги лет;
- оплату судебных расходов и услуг адвоката;
- требований привлечения к ответственности виновных лиц и др.

5. Для повышения эффективности защиты лиц, сообщающих о коррупции, рекомендуется ввести обязательное ежегодное обучение государственных служащих и работников квазигоссектора.

Программы должны строиться на разборе реальных примеров коррупционных дел и судебной практики, показывающих как негативные последствия сокрытия нарушений, так и положительный опыт защиты лиц, сообщающих о коррупции. Важным элементом курса должен стать четкий алгоритм обращения – начиная с внутренних подразделений и заканчивая внешними компетентными органами, чтобы у сотрудников была ясность, какие каналы обращения гарантируют им защиту и исключают риск угрозы и давления.

6. Включение отдельного блока в перечень обязательных вопросов при тестировании всех вновь поступающих сотрудников правоохранительных органов, посвященного защите лиц, сообщивших о коррупции.

Это позволит с самого начала сформировать у новобранцев правильное понимание не только антикоррупционных стандартов, но и принципа личной ответственности за отношение к лицам, сообщающим о коррупции. Для молодых сотрудников такой подход станет основой профессиональной культуры: они будут осознавать, что защита лиц, сообщающих о коррупции – это не формальность, а реальный инструмент противодействия коррупции, и что от их позиции зависит сохранение доверия граждан к правоохранительной системе.

7. При разработке мер поощрения необходимо рассмотреть вопрос о введении материального вознаграждения не только для гражданских лиц, сообщивших о коррупции, но и для государственных служащих и работников бюджетных организаций.

Практика показывает, что одних лишь грамот и благодарственных писем бывает недостаточно для того, чтобы подчеркнуть значимость поступка человека, решившегося сообщить о фактах коррупции. Тем самым целесообразно рассмотреть возможность предоставления материального вознаграждения не только гражданским лицам, но и государственным служащим и работникам бюджетных организаций. Такой подход позволит обеспечить равные условия признания заслуг всех лиц, сообщающих о коррупции, независимо от их статуса, и подчеркнет, что государство одинаково ценит проявление принципиальности и гражданской позиции как со стороны обычных граждан, так и со стороны сотрудников госструктур.

8. В качестве дополнительной меры защиты лиц, сообщающих о коррупции, представляется целесообразным рассмотреть **опыт Южной-Кореи**, где для сохранения конфиденциальности лица, сообщающие о коррупции, могут обращаться не напрямую в госорганы, а через независимых адвокатов (далее - адвокат). Адвокаты принимают сообщение, направляют его в уполномоченные органы от своего имени и при необходимости представляют интересы заявителя в суде. Подобная практика основана на конституционном праве на получение квалифицированной юридической помощи и полностью вписывается в рамки нашей правовой системы.

Внедрение подобного механизма в национальное законодательство позволило бы гарантировать защиту лиц, сообщающих о коррупции от давления и раскрытия личности. При этом профессиональное участие адвоката с самого начала повышает качество и надежность всего процесса, укрепляет доказательственную базу и формирует у граждан и госслужащих уверенность, что их обращение будет рассмотрено без риска для личной безопасности и карьеры.

9. В качестве положительного зарубежного опыта рекомендуется изучить опыт США, где внедрены цифровые платформы на рабочие места

сотрудников для приема и обработки сообщений о коррупционных правонарушениях. Данные системы интегрированы в корпоративные и государственные механизмы управления персоналом, что позволяет обеспечивать прозрачность процедур, контроль за соблюдением трудового законодательства, гарантированную анонимность и защиту лиц, решившихся сообщить о коррупции. Такой подход значительно снижает риск угроз, давления и делает процесс более доступным и безопасным.

Функционал подобных платформ включает возможность анонимной подачи сообщений, отслеживание статуса рассмотрения обращения, автоматическую маршрутизацию информации в компетентные органы, а также хранение данных с соблюдением стандартов конфиденциальности. В результате создается удобный и надежный инструмент, который одновременно укрепляет систему внутреннего контроля и повышает уровень доверия граждан и сотрудников к государственным институтам.

Участники круглого стола выразили готовность продолжить совместную работу по совершенствованию национальной системы защиты лиц, сообщающих о коррупции, и представить данные рекомендации в уполномоченные государственные органы для дальнейшей проработки.

**Рекомендации подготовлены
авторским коллективом
Академии правоохранительных органов
при Генеральной прокуратуре
Республики Казахстан**

Ұйымдастырушы:

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы құқық қорғау академиясы Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институтының Қылмыстық процесс проблемаларын зерттеу орталығы

Организатор:

Центр исследования проблем уголовного процесса Межведомственного научно-исследовательского института Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан

Байланыстар:

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы

Республика к-сі, 16, Қосшы қаласы, Ақмола облысы

тел.: +7(71651) 68-176, 68-208

e-mail: apo-kanc@prokuror.kz, www.academy-gp.kz

Контакты:

Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан

ул. Республики 16, город Косшы, Акмолинская область

тел.: +7(71651) 68-176, 68-208

e-mail: apo-kanc@prokuror.kz, www.academy-gp.kz